

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2004 жылғы 29 мамырдағы N 8-7 "Батыс Қазақстан облыс аумағында құрылыш салу ережелері туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 14 қазандағы № 9-7 шешімі . Батыс Қазақстан облыстық Әділет департаментінде 2008 жылғы 13 қарашада № 3016 тіркелген. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 6 қарашадағы № 28-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихаттың 2015.11.06 № 28-2 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Зандарына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының "Батыс Қазақстан облыс аумағында құрылыш салу ережелері туралы" 2004 жылғы 29 мамырдағы N 8-7 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2725 тіркелген, 2005 жылғы 5 қарашадағы "Приуралье" газетінде және 2004 жылғы 25 қыркүйектегі "Орал өнірі" газетінде жарияланған, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 22 қазандағы N 22-6 "Батыс Қазақстан облыс аумағында құрылыш салу ережелері туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2947 тіркелген, 2005 жылғы 10 желтоқсандағы "Приуралье" газетінің N 149 және 2005 жылғы 10 желтоқсандағы "Орал өнірі" газетінің N 149 жарияланған, шешімімен енгізілген толықтыруларды ескере отырып), келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) кіріспеде "және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Жаңа объектілер салуға және қолда бар объектілерді өзгертуге рұқсат беретін тәртіптерді өзгерту Ережесін бекіту туралы" 13 желтоқсан 2002 жылғы N 1313 қаулысын іске асыру мақсатында" сөздері алып тасталсын;

2) осы шешімімен бекітілген Батыс Қазақстан облыс аумағында құрылыш салу ережелері қосымшасына сәйкес жаңа мазмұнында жазылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихат хатшысы

Батыс Қазақстан
облыстық мәслихатының
2008 жылдың 14 қазанындағы
N 9-7 шешіміне қосымша
Батыс Қазақстан
облыстық мәслихатының
2004 жылғы 29 мамырдағы
N 8-7 шешімімен бекітілген

Батыс Қазақстан облысы аумағында құрылыш салу ережелері I бөлім

1. Жалпы ережелер

1. Батыс Қазақстан облысы аумағында құрылыш салу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242 "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Зандарына сәйкес әзірленген.

2. Ереже сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі субъектілерінің құрылыш жер телімдерін пайдалану, елді мекендер аумақтары мен табиғи аумақтарды жобалауды және онда құрылыш шарттары мен талаптарын, анықтап, жаңа жылжымайтын мүлік объектілерін орналастыруға және салуға немесе қолда бар объектілерді өзгертуге (қайта бағдарлау, қайта жабдықтау, қайта жоспарлау, қайта жаңғырту, кенейту, күрделі жөндеу) рұқсат ететін рәсімдердің өту тәртібін белгілейді.

3. Осы Ережеде келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) қайта жабдықтау - әдетте, үй-жайдың (үй-жайлардың) функционалдық мақсатын өзгертуге, тіршілікті қамтамасыз ету, пайдалану, қандай да бір өнімдер шығару, қызмет көрсету және тағы сол сияқтылар үшін қажетті технологиялық және (немесе) инженерлік жабдықтардың ішкі жүйесін толық немесе ішінара ауыстыруға байланысты оны (оларды) өзгерту;

2) қайта жаңарту - әдетте, өзгеретін объектіні жаңарту және жаңғырту қажеттілігіне байланысты жекелеген үй-жайларды, ғимараттың өзге де бөліктерін немесе тұтастай ғимаратты өзгерту;

3) қайта жоспарлау - осы үй-жайдың (осы үй-жайлардың) шекарасын өзгерте отырып, қатар тұрған үй-жайдың (үй-жайлардың) жоспарын өзгерту;

4) объектілер (құрылыш объектілері, олардың кешендері) - ғимараттар, сондай-ақ ауқымды, жайпақ және желілік құрылыштар:

тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы;

инженерлік желілерді қоса алғанда, коммуналдық мақсаттағы;

автомобиль мен темір жолдары және олардың инфрақұрылымдары;
әуе және су көлігі;
көпірлер, жол құбырлары, тоннельдер, өнім құбырлары және инженерлік құрылыштары бар электр беру желілері;
телекоммуникациялық және ғарыштық байланыстар;
атом энергетикасына арналған ғимараттар мен құрылыштарды қоса алғанда, энергетика;
кен өндіру өнеркәсібіне арналған ғимараттар мен құрылыштарды қоса алғанда, өнеркәсіптер;
ауыл шаруашылығы, су шаруашылығы, ирригациялық және (немесе) гидротехникалық мақсаттағы;
қорықтардағы, қаумалдардағы, балық питомниктеріндегі, орман, аңшылық және басқа да алқаптардағы түрғын, өндірістік және қосалқы шаруашылық мақсаттағы;
әскери қалашақтардағы және арнайы әскери технологиялық кешендердегі.
Өзгеріс жүргізу үйғарылып отырған объектілерге, сондай-ақ жекелеген түрғын және түрғын емес үй-жайлар немесе қолданыстағы ғимараттардың (құрылыштардың) бөліктері де жатқызылады;

5) өтініш беруші - өзінің мақсаты үшін (түру, қызмет көрсету, өнімдер шығару, пайда табу және тағы сол сияқтылар үшін) жана құрылышты жүзеге асыруға ниеті бар немесе қолданыстағы ғимараттардың (құрылыштардың) жекелеген үй-жайларын немесе өзге де бөліктерін қайта жаңарту, қайта жоспарлау немесе қайта жабдықтау жүргізуге мүдделі жеке немесе занды тұлға (меншік иесі, тапсырыс беруші, құрылыш салушы);

6) рұқсат беретін құжаттар - өтініш берушіге жаңа объект салу немесе қолданыстағы объектіні өзгерту жөнінде өзінің ойын іске асыруға құқық беретін құжаттар, олар мыналарды қамтиды:

ведомстволық бағыныстағы жер учаскесінің (аумақтың, трассаның) аумағын өтініш берілген объектінің құрылышына беру туралы тиісті жергілікті атқарушы органның шешіміне өтініш берушінің меншік немесе жер пайдалану құқығында болатын учаскені құрылышқа пайдалануға арналған рұқсат;

қолданыстағы объектіне (объектінің жекелеген бөліктеріне) сұратылған езгерістер жүргізуге тиісті жергілікті атқарушы органның рұқсаты;

жер учаскесінде (құрылыш алаңында, аумақта, трассада) осы құрылышқа арналып белгіленген нақты объект (кешен) бойынша құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуге (құрылышты бастауға) арналған рұқсат;

7) сындарлы шешімдерді өзгерту - қолданыстағы объектілердің тіреу және (немесе) сыртқы қоршау құрастырмаларын (оның ішінде іргетастарды, негіздерді, қаңқаларды, бағандарды, тіреулерді, арқалықтарды, ригельдерді, фермаларды,

сыртқы қабыргаларды, ішкі тіреу қабыргаларды, аражабындарды, баспалдақ алаңшасы мен марштарын, лифт шахталарын және тағы сол сияқтыларды) қамтитын өзгерістер не құрылыш жобасында бұрын бекітілген сындарлы шешімдерді өзгерту.

4. Жобаны әзірлеуге арналған бастапқы материалдар (деректер) мыналарды қамтиды:

1) ұйғарылып отырған объектінің құрылышына өтініш берушіге жер участесін беру (бөліп беру), немесе қолда бар участені, оның шекарасының шегіндегі аумақты пайдалану және жоспарланған объектіні белгілеу жөніндегі регламенттерді қоса алғанда, пайдалануға рұқсат беру туралы жергілікті атқарушы органдардың шешімі;

2) жобалауға және құрылышқа қажетті (жер участесінің және коммуникация төсөлген трассаның шекарасында) құрылыш алаңын инженерлік іздестіру материалдары;

3) инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосуға арналған техникалық шарттар;

4) аумақты инженерлік жағынан дайындау шарттарын, абаттандыру мен көгалдандыруды қоса алғанда, жергілікті (республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың) сәулет және қала құрылышы органының сәулет-жоспарлау тапсырмасы;

5) жобалауға (жобалау құжаттамасын әзірлеуге) арналған бекітілген тапсырма.

5. Көрсетілген бастапқы материалдарды (деректерді) ресімдеу және беру тегін жүргізіледі.

6. Жобалауға арналған тапсырманы жасау, келісу және бекіту, сондай-ақ жобаларды (жобалау алдындағы немесе жобалау-сметалық құжаттаманы) әзірлеу тәртібі және олардың құрамы мемлекеттік құрылыш нормаларымен және ережелерімен белгіленеді.

7. Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Заңына сәйкес сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы қызметтің негізгі бағыттары осы саладағы мемлекеттік, қоғамдық және жеке мұдделерін қамтамасыз етуі тиіс.

8. Сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметінің субъектілерінің негізгі құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Заңында белгіленген.

2. Мемлекеттік қала құрылышы кадастрының және құрылыш салу мониторингінің маңсаты

9. Мемлекеттік қала құрылышы кадастры - қала құрылышы регламенттерін, қала құрылышы, сәulet және құрылыш қызметі аумағын оның пайдаланылу режимінің әлеуметтік-құқықтық белгілері, инженерлік-техникалық қамтамасыз етілу деңгейі, онда орналасқан объектілердің параметрлері мен жай-күйі, сондай-ақ табиғи-климаттық жағдайлары мен экологиялық жай-күйі бойынша сипаттайтын картографиялық, статистикалық және мәтіндік ақпаратты қамтитын сан және сапа көрсеткіштерінің мемлекеттік жүйесі.

10. Объектілер мониторингі – сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі объектілерінің жай-күйі мен өзгерістерін байқау жүйесі.

11. Объектілер мониторингі мәліметтері мониторингінің Мемлекеттік қала құрылышы кадастрына енгізілуі тиіс.

II бөлім. Облыс аумағында

құрылыш салуды реттеу

3. Жер участкерін пайдалануда қала құрылышы талаптарын қамтамасыз ету

12. Жаңа объект салуды жүзеге асыруды не қолданыстағы объектіні өзгертуді жүргізуі үйарған мүдделі жеке немесе занды тұлғаның (өтініш берушінің) жазбаша өтініші бойынша жергілікті атқарушы орган өз өкілеттіктерінің шегінде заннамалық актілермен белгіленген:

1) өтініш берушіге сұрау салынған (жоспарланып отырған) объектіні салуға жер участкесін беру (қолда бар қосымша участкеден бөліп беру) туралы;

2) сұрау салынған (жоспарланып отырған) объектіні салуға өтініш берушіге меншік немесе жер пайдалану құқығында тиесілі участкені пайдалануға рұқсат беру туралы;

3) қолда бар (пайдаланылатын) объектіні өзгертуге рұқсат беру туралы тиісті шешім қабылдайды.

Объектілер салу үшін жер участкесін сұраған кезде жергілікті атқарушы органның тапсырысы бойынша жер участкесін таңдау алдын ала жүзеге асырылады.

Объект салу үшін жер участкесін таңдау, жерге орналастыру қала құрылышы регламенттеріне сәйкес жүзеге асырылады.

13. Меншік иелері не жер пайдаланушылар жер участкелерін құрылыш салу үшін (коммуникацияларды жүргізу, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру, көгалдандыру және участкені жайғастырудың басқа да түрлерін қоса

алғанда) пайдалануды зандарда белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттамасына сәйкес және нысаналы мақсатын немесе сервитутты, аумақты аймақтарға бөлуді, қызыл сыйықтарды және құрылыш салуды реттеу сыйықтарын, құрылыш салу мен оны пайдалану ережелерін сақтай отырып қана жүзеге асыра алады.

14. Мемлекеттің және жергілікті халықтың мұдделерін қамтамасыз ету үшін қажет болған жағдайларда жергілікті атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілерінің негізінде жер участеклерін алғып қоймай, қауымдық сервитуттар белгіленуі мүмкін.

15. Көрші немесе өзге де участекке жеке сервитут осы участеклерге жеке меншік құқығы немесе жер пайдалану құқығы субъектілерімен жасалатын шарт бойынша белгіленеді.

4. Құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуге (құрылсты бастауға) рұқсат беру тәртібі

16. Рұқсатты ресімдеу мен беру жаңа объектілер салуға, қолданыстағы объектілерді өзгертуге және өтпелі құрылыш бойынша олардың мерзімін жыл сайынғы ұзарту тегін жүргізіледі.

17. Құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуге (құрылсты бастауға) рұқсат беруді (руқсат беруден дәлелді бас тартуды) және өтпелі құрылыш бойынша олардың мерзімін жыл сайынғы ұзартуды:

1) республикалық маңызы бар объектілер құрылышының сапасына мемлекеттік сәulet-құрылыш бақылауын жүзеге асыратын сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілдегі мемлекеттік орган;

2) жергілікті маңызы бар объектілер құрылышының сапасына мемлекеттік сәulet-құрылыш бақылауын жүзеге асыратын облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы жүргізеді.

18. Тұрғын үй ғимараттарындағы (үйлердегі, жатақханалардағы) жекелеген үй-жайларды немесе оның жекелеген бөліктерін қайта жаңарту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жөніндегі құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсатты ведомстволық бағыныстағы аумақта мемлекеттік сәulet-құрылыш бақылауын жүзеге асыратын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары береді.

19. Егер объектінің немесе объектілер кешенін кезең-кезеңмен жобалау және салу көзделетін және осындай жобаларға мемлекеттік сараптама сараптамалық сүйемелдеу режимінде (жобалаудың тиісті кезеңдері бойынша тиісті жергілікті он қорытындылар ресімдей отырып) жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, рұқсат объект (кешен) бойынша тұтас құрылыш-монтаж жұмыстарын

жүргізуге беріледі. Көрсетілген жағдайларда құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуге (құрылышты бастауға) рұқсат объектінің немесе кешенің құрамына кіретін жекелеген блок (ғимарат, құрылыш) бойынша, сондай-ақ құрылыштың жекелеген кезеңдерін - қазаншұңқырлар қазу жөніндегі жер жұмыстарын, коммуникациялар төсеу, іргетастар салу жөніндегі және құрылыш-монтаж жұмыстарының құрамына кіретін басқа да жұмыстарды орындауға беріледі.

20. Құрылыш-монтаж жұмыстары өндірісіне (құрылышты бастауға) рұқсат сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен бекітілген қосымша құжаттар тізбесі мен өтініш негізінде беріледі.

21. Құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуге (құрылышты бастауға) рұқсат алу үшін өтініш беруші ұсынған құжаттар өтініш берілген сәттен бастап 14 күнтізбелік күннен аспайтын мерзім ішінде қаралады.

22. Мемлекеттік сәulet-құрылыш бақылауын жүзеге асыратын органдар осы Ереженің 21-тармағында белгіленген мерзім ішінде құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуге (құрылышты бастауға) рұқсат береді не рұқсат беруден бас тартудың себептері туралы жазбаша түрде дәлелді жауап қайтарады.

23. Құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуге (құрылышты бастауға) рұқсат берілген күннен бастап 12 айдың ішінде қолданылады.

24. Рұқсаттың қолданылу мерзімін келесі 12 айға ұзарту бұрын тапсырылған құжаттарды ескере отырып, рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін тапсырыс берушінің (құрылыш салушының) өтініші негізінде жүзеге асырылады.

25. Құрылыштың бастапқы тапсырыс берушісі (құрылыш салушы) немесе құрылышты жүргізіп жатқан мердігерлік үйым (бас мердігер) ауысқан кезде тапсырыс берушінің (құрылыш салушының) өтініші бойынша бұрын берілген рұқсат қайта тіркелуге тиіс. Мұндай өтініш өзгерістер болған күннен кейінгі 20 күнтізбелік күн мерзімінен кешіктірілмей рұқсат берген органға беріледі. Олай болмаған жағдайда бұрын берілген рұқсат қайта тіркеу өтінішін беру көрсетілген мерзім аяқталуына байланысты өз күшін жояды.

26. Рұқсатсыз осы Ереженің 23-25-тармақтарында көзделген жағдайлар бойынша күшін жойған рұқсат негізінде объектіде құрылыш-монтаж жұмыстарын орында рұқсатта көрсетілмеген жұмыс түрлерін орындаумен бірдей, заңсыз құрылыш болып табылады.

27. Мыналарды:

1) объектінің құрастырмалары мен функционалдық мақсатын өзгертпей-ақ жер участекінің (аумақтың, трассаның) қазіргі шекарасында жүзеге асырылатын объектілерді қайта жаңартқанға, қайта жоспарлағанға, қайта жабдықтағанға, техникамен қайта жарақтандырғанға, күрделі жөндеген;

2) көшелердің, аландардың, откелдердің жол жабындары мен көше төсемдеріне ағымдағы жөндеу жүргізген, шағын сәulet нысандарын, ашық

жасанды бассейндерді, фонтандарды, қалалық безендіру қондырыларын, сәulet және көгалдандырудың жер бедері элементтерін салғанда және жайластырған;

3) уақытша мақсаттағы көмекші және қосалқы құрылыштар салған кезде құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат алу талап етілмейді.

ІІІ бөлім. Батыс Қазақстан облысы

аумағында құрылыш салу тәртібі

5. Аумақта құрылыш салуға қойылатын жалпы талаптар

28. Батыс Қазақстан облысы аумактарында құрылыш салу, дамыту заңнамаларға сәйкес бекітілген Бас жоспар негізінде жүзеге асырылады.

29. Батыс Қазақстан облысы аумактарында құрылыш қызметінің барлық түрлеріне заңнамаларға сәйкес рұқсат құжаттары жеке және заңды тұлғаларға жергілікті атқарушы органдар арқылы беріледі.

30. Егер өтініш беруші сұратылып отырған жер участекінің нақты орнын және мөлшерін (шекарасын) көрсеткен жағдайларда, онда жергілікті сәulet және қала құрылышы органдары одан құрылыш жүйесінде участекінің орналасқан жеріне қатысты өтініш берушінің тілектеріне және ұйғарылып отырған (жоспарланып отырған) құрылыш объектісінің негізгі параметрлеріне негізделген нобайларды сұратады.

31. Өтініш берілген объектінің құрылышын салуға жер участекін беру туралы өтініштерді қарау, сондай-ақ оны беруден дәлелді бас тарту мерзімдерін Жер кодексі айқындайды.

Өтініш берушіге меншік немесе жер пайдалану құқығында тиесілі участекі құрылышқа пайдалануға рұқсат өтініш берілген сәттен бастап шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін 10 күнтізбелік күнінен аспай әрі қалған заңды және жеке тұлғалар үшін 30 күнтізбелік күнінен аспай мерзімдерде қаралады.

32. Тапсырыс берушіге меншік немесе жер пайдалану құқығында тиесілі участекі құрылыш салуға пайдалануға рұқсат беру туралы оң шешім мүмкін болмаған жағдайларда, жергілікті атқарушы органдар өтініш берілген сәттен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде өтініш берушіге (тапсырыс берушіге) оның осы құрылышты жүзеге асыру ниеті күшіне енетін қайшы келетін заңнамалық нормаларды (ережелерді, талаптарды, шектеулерді, сервитуттарды) көрсете отырып, дәлелді бас тартумен жауап қайтаруға міндетті.

Өтініш берушінің жергілікті атқарушы органға жеткіліксіз, дұрыс емес не заңнамаға немесе мемлекеттік нормативтерге сәйкес келмейтін өтініш құжаттарын ұсынуы рұқсат беру құжаттарын беруден бас тарту үшін негіз болып табылады.

33. Жер учаскесін беру туралы бұрын қабылданған шешім не тапсырыс берушіде бар учаскені құрылыс салуға пайдалануға бұрын берілген рұқсат, егер осы учаскеде рұқсат етілмеген басқа да құрылыс жүргізіліп жатса, қайтарып алынады.

6. Батыс Қазақстан облысы аумағында құрылыс және қайта жаңарту объектілерін жобалау

34. Жергілікті атқаруши органның жер учаскесін жаңа құрылыс салуға не қолданыстағы объектілерді өзгертуге рұқсат беру (бөліп беру) (учаскені пайдалануға рұқсат беру) туралы шешімі тапсырыс берушінің не оның уәкілетті адамның (құрылыс салушының) инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосуға техникалық шарттарды алуы үшін негіз болып табылады.

35. Өтініштің негізінде инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жеткізушилер тапсырыс берушіге сұратылатын (есептік) параметрлер шегінде техникалық техникалық шарттар береді не көрсетілген параметрлерде техникалық шарттар беруден бас тартады. Өтініш беруші техникалық шарттар беруден бас тартуға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шағымдануы мүмкін.

Қызметті жеткізушилердің техникалық шарттар беруге арналған өтініштерін қарау мерзімдері бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

36. Тапсырыс берушінің өтініші бойынша жергілікті сәулет және қала құрылысы органдары:

- 1) жаңа құрылыс үшін - жергілікті атқаруши органның жер учаскесін беру (бөліп беру) (қолда бар учаскені пайдалануға рұқсат беру) туралы шешімі;
- 2) қайта жаңарту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) үшін - жергілікті атқаруши органның қолданыстағы объектілерді өзгертуге рұқсаты;
- 3) жобалауға арналған бекітілген тапсырма;
- 4) инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосуға техникалық шарттар негізінде тапсырыс берушіге сәулет-жоспарлау тапсырмасын береді.

Қажет болған жағдайларда өтінішке салынатын болашақ объектінің мақсатына, параметрлеріне немесе орналасқан жеріне байланысты құрамы мен көлемі мемлекеттік нормативтік құжаттармен бекітілген бастапқы материалдар (деректер) қоса беріледі.

Жаңа құрылыс объектілерін жобалау үшін сәулет-жобалау тапсырмасын беруге арналған өтініштері бес жұмыс күнінен аспай, ал шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштері бойынша үш жұмыс күнінен аспай мерзімдерінде қарау тиіс.

Жергілікті сәulet және қала құрылышы органдарында бастапқы деректерді беру және үй-жайларды немесе тұрғын үй ғимаратының өзге де бөліктерін өзгерту (қайта жаңарту, қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобасын әзірлеуге арналған сәulet-жобалау тапсырмасын беру (немесе оларды беруден дәлелді бастарту) үшін өтініш берушілер ұсынған құжаттарды қарau мерзімдері өтініш берілген сәттен бастап үш жұмыс күнінен аспауға тиіс.

37. Берілген сәulet-жоспарлау тапсырмасы белгіленген тәртіппен жобаны әзірлеуге рұқсат берілгендейгін білдіреді.

38. Жаңа объект салуға немесе қолданыстағы объектіні қайта жаңартуға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға, жаңғыртуға, қалпына келтіруге) жер участкесін беру (бөліп беру) талап етілмеген жағдайларда, сондай-ақ бұл мақсаттар үшін инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосымша тапсырмасына тиісті жазба жазылады.

39. Жаңа объект салу (қолданыстағы объектілерді өзгерту) жобасына сараптама жүргізуінде қажеттілігі не қажет болмауы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес сәulet - жобалау тапсырмасында көрсетіледі.

Жергілікті сәulet және қала құрылыш органдарымен (қызметтерімен) келісе отырып, тапсырыс беруші төмендегі құрылышы органдарының келісім бойынша тапсырыс беруші:

1) қосымша жер участкесін (аумақты бөліп беру) бөліп беруді талап етпейтін, құрастырмалардың есептік беріктігін төмендетпейтін, сәulet-эстетикалық, өртке қарсы, жарылышқа қарсы және санитарлық сапаны нашарлатпайтын, пайдалану кезінде қоршаған ортаға зиянды әсер етпейтін, лицензиялары бар адамдар орындаған тұрғын үй ғимараттарындағы (үйлердегі) тұrғын және тұrғын емес үй-жайларды қайта жаңарту (қайта жобалау, қайта жабдықтау);

2) азаматтардың жеке пайдалануына арналған техникалық жағынан күрделі емес басқа да құрылыш жобаларын сараптамаға ұсынбауға құқылы.

Жобалау тапсырысына, сәulet - жоба құрылышы тапсырысына және басқа да шығыс материалдарына сәйкес жасалған жобалық (жоба-сметалық) құжаттар мемлекеттік нормативтік құжаттар мен бекітілген талаптарға сәйкес келісулер мен бекітулерден өтеді.

40. Тапсырыс беруші (меншік иесі) қабылдаған шешімі бойынша сараптама мынадай жобалар бойынша жүргізілмеуі мүмкін:

1) жергілікті сәulet және қала құрылышы органдарының (қызметінің) сәulet-жоспарлау тапсырмасына сәйкес лицензиялары бар тұлғалар орындаған жеке тұrғын үйлер. Бұл ереже сейсмикалық қауіптілігі жоғары немесе өзге де ерекше геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайлары, арнайы жобалау шешімдері мен оларды сату кезіндегі іс-шараларды талап ететін

аудандардағы (аймақтардағы) жеке тұрғын үй құрылышына қолданылмайды;

2) маусымдық жұмыстар мен шалғайдардағы мал шаруашылығына арналған уақытша құрылыштар, тұрғын үйлер мен тұрмыстық үй-жайлар;

3) жеке үй жанындағы участекердің аумағындағы, сондай-ақ бау-бақша серіктестіктерінің (қоғамдарының) участекеріндегі шаруашылық-тұрмыстық құрылыштар;

4) жұмыс істеп тұрган инженерлік желілерді өзгертуді талап етпейтін үй жанындағы және саяжай участекерін абаттандыру;

5) контейнерлік және блоктық орындаудың ұтқыр кешендер, сондай-ақ жинамалы-бұзылмалы құрастырмалардан тұрғызылған және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтермен келісуді талап етпейтін сауда, қоғамдық тамақтану және тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына арналған бір қабатты ғимараттар (құрылыштар);

6) саны елу бірліктен аспайтын автомашинасы бар ашық үлгідегі автотұрақтар, сондай-ақ екіден аспайтын автомашинаға арналған бокстары бар гараждар;

7) қолданыстағы ғимараттарда жүзеге асырылатын және тіреу құрастырмаларын өзгертуді талап етпейтін өндірістік емес мақсаттағы үй-жайларды қайта жоспарлау (қайта жабдықтау);

8) инженерлік желілерді электр коррозиясынан сақтау;

9) желілі инженерлік желілер мен оларға арналған құрылыштарға олардың жағдайын, салыну белгілерін, құбырлардың диаметрін өзгертуді қажет етпейтін құрделі жөндеу жүргізу;

10) шағын сәулеттік нысандар мен аумактардың қоршаулары;

11) ғимараттардың (құрылыштардың) маңындағы ашық спорт аландары, тротуарлар, төсөлген таастар;

12) технологиялық ресурсы таусылған және кәсіпорынды (цехты) қайта жаңартуды немесе қайта бейіндеуді талап етпейтін бірлі-жарым технологиялық немесе инженерлік жабдықтарды жөндеу және ауыстыру.

41. Сәулет-жоспарлау тапсырмасына реңдік шешімдер және ғимараттардың (құрылыштардың) қасбетін әрлеу материалдарын пайдалану, сондай-ақ олардың көлемдік-кеңістіктік шешімдер бойынша талаптар белгілеуге жол берілмейді.

42 . Құрылых жобасы:

1) тапсырышы бекіткен, жобалауға берілген тапсырмалар, жер участекесін (аландарды, трассаларды) таңдау мен бөлу (пайдалануға берілген рұқсат) жөніндегі материалдар, объектіні инженерлік ізденулердің, тапсырышының жобалау алдындағы қызметінің нәтижелерін қоса алғанда, өзге де бастапқы деректердің нәтижелері негізінде;

2) құрылыштағы инвестициялардың зандарда белгіленген тәртіппен бекітілген

негізdemелеріне (техникалық-экономикалық негізdemелерге, техникалық-экономикалық есептерге), ал қажет болған жағдайда жобада қолданылатын құрылымдардың, бұйымдардың, конструкциялардың, инженерлік жабдықтар мен құрылғылардың мердігермен келісілген тізбесіне сәйкес;

3) жергілікті атқаруышы органдарының сәulet-жоспарлау тапсырмасына сәйкес өзірленеді.

Бекітілген қала құрылымы және сәulet жобалары болған жағдайда құрылым жобасын өзірлеуге арналған бастапқы құжаттама оларда қабылданған шешімдерге сәйкес келуі тиіс.

7. Қолданыстағы тұрғын үй ғимараттарындағы үй-жайларды қайта жаңартуға, қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға рұқсат беретін рәсімдердің ерекшеліктері

43. Тұрғын үй ғимараттарындағы тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды, сондай-ақ оның өзге де бөліктегін өзгертуге мүдделі және жергілікті атқаруышы органның тиісті шешімі бар адамдар тиісті құрылым-монтаж жұмыстары өндірісіне рұқсат алу үшін жергілікті облыстық, мемлекеттік сәulet-құрылым бақылау органдарына өтініш береді.

44. Өтінішке:

1) өзгертілетін үй-жайға (ғимараттың бөлігіне) өтініш берушінің меншік құқығын куәландыратын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі не үй-жайлардың немесе ғимараттардың бөліктегін өзгертуге меншік иесінің (меншік иелерінің) жазбаша келісімі;

2) тиісті жергілікті сәulet және қала құрылымы органның сәulet-жоспарлау тапсырмасына сәйкес орындалған ұйғарылып отырған өзгерістердің жобасы (нобай) қоса беріледі.

45. Егер үй-жайларды (тұрғын үйдің бөліктегін) жоспарланған қайта жаңарту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) немесе үй-жайлардың шекарасын ауыстыру өзгертілетін үй-жайлармен (үйдің бөліктегімен) көршілес басқа үй-жайлар (үйдің бөліктегі) меншік иелерінің мүдделеріне қайшы келмейтін болған жағдайларда, онда өтінішке осы өзгертулерге олардың нотариалдық куәландырылған жазбаша келісімі берілуге тиіс.

Тапсырыс берушінің қайта жаңартуға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) басқа меншік иелерінен (тең меншік иелерінен) көрсетілген келісімді алу қажеттілігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 мамырдағы N 425 қаулысымен бекітілген Құрылым объектілерін жобалау үшін бастапқы

материалдарды (деректерді) ресімдеу және беру ережесінде көзделген тәртіппен жобаны әзірлеу сатысында белгіленеді.

46. Егер:

1) өтініш берушінің өзгерілетін объектіге тиісті меншік құқығы не үй-жайға немесе өтініш берілген өзгерістерге үй-жай бөліктеріне меншік иесінің (меншік иелерінің) нотариалды қуәландырылған жазбаша келісімі болмаса, сондай-ақ көрсетілген өзгерістер өзге де үй-жай меншік иелерінің мұдделерін қозғайтын;

2) жоспарланған өзгерістерде нормативтік құқықтық актілермен және нормативтік-техникалық құжаттармен тыйым салынған әрі шектелген қызметтің түрі үшін үй-жайды (ғимарат бөліктерін) пайдалану белгіленген;

3) өзгертулер жобасы техникалық шарттарға немесе мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда, қолданыстағы үй-жайларды (ғимараттың бөліктерін) өзгерту жөніндегі құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат беруден бас тарту жүзеге асырылады.

Дәлелді бас тарту өтініш берушінің құжаттарына сәйкес келмейтін нақты нормативтік құқықтық актілерді және (немесе) нормативтік-техникалық құжаттарды көрсете отырып, өтініш берушіге жазбаша түрде беріледі.

Өтініш беруші ескертудерді, рұқсат беруден дәлелді бас тарту негізінде жойған кезде қайта өтініш беру жалпы негіздерде қаралады.

47. Үй-жайларды (ғимараттың бөліктерін) өзгерту жөніндегі құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру немесе оны беруден бас тарту өтініш берілген сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

8. Инженерлік желілерді және ғимараттарды жобалау

48. Құрылыш салынбақшы болып отырған ауданда инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету жөнінде қызмет көрсетушілер тапсырысшының өтінімі бойынша құрылыш және кейін пайдалануға енгізілген объектінің тұрақты жұмыс істеуі үшін талап етілетін, сұратылып отырған (есеп айырысу) параметрлерде инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосуға техникалық жағдай жасайды не дәлелді түрде бас тартып жауап қайтарады.

Қызмет көрсетудің сұратылып отырған параметрлеріне (есептеулеріне) техникалық жағдай жасаудан бас тарту Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

9. Объектілердің құрылышы

49. Жобаның (құрылыш-монтаж жұмыстарының жүргізілуін) іске асырылуын бастау үшін:

1) республикалық маңызы бар объектілер бойынша – сәulet, қала құрылышы уәкілетті мемлекеттік органының;

2) жергілікті маңызы бар объектілер бойынша – мемлекеттік сәulet – құрылыш бақылауын жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарының рұқсаты қажет.

Рұқсат алу үшін қажетті құжаттар тізбесі сәulet, қала құрылышы уәкілетті мемлекеттік органы айқындайтын тәртіппен белгіленеді.

50. Құрылыш процесі Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Заңының нормаларына сәйкес мемлекеттік сәulet – құрылыш бақылауында болады.

Құрылышы аяқталған объект Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Заңының нормаларына сәйкес пайдалануға қабылдауға тиіс.

51. Салынған объектіні пайдалануға қабылдаудың белгіленген тәртіппен бекітілген актісі жылжымайтын мүлікке және онымен жасалатын мәмілелерге құқықтарды тіркейтін мемлекеттік органда объектіні тіркеу үшін негіз болып табылады.

10. Құрылышы аяқталған объектілерді қабылдау

52. Салынған объектілерді пайдалануға қабылдау Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Заңымен реттеледі.

53. Салынған объектіні пайдалануға қабылдау мемлекеттік қабылдау комиссиясы оның бекітілген жобаға сәйкес толық әзірлігі және жұмыс комиссиясының оң қорытындысы болған жағдайда жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Заңының 74-бабында көзделген жекелеген жағдайларда салынған объектіні пайдалануға қабылдауды меншік иесі (тапсырыс беруші, инвестор, құрылышты салушы) дербес жүргізеді.

54. Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Заңының 74-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қабылдау комиссиясының немесе қабылдау комиссиясының оң шешімі болмайынша, салынған объектіні пайдалануға жол берілмейді.

55. Мемлекеттік қабылдау комиссиясының салынған объектілерді

пайдалануға қабылдау актісі (ал мемлекеттік нормативте белгіленген жағдайларда қабылдау комиссиясының актісі) дайын құрылыш өніміне мүліктік құқықты тіркеу кезіндегі бастапқы ерекше құжат болып табылады.

56. Салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісін мемлекеттік комиссия бекітуге тиіс. Қабылдау актісін бекіту мемлекеттік қабылдау комиссиясы тағайындаған инстанциямен жүргізіледі.

Қабылдау актісін бекіту:

1) өндірістік мақсаттағы объектілер бойынша - актіге қол қойылған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде;

2) тұрғын үй-азаматтың мақсаттағы объектілер бойынша - актіге қол қойылған күннен бастап жеті қүннен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

57. Комиссияны тағайындаған инстанцияның объектіні пайдалануға қосу туралы актіні бекіткен күні мемлекеттік қабылдау комиссиясы қабылдаған объектінің пайдалануға қосылған күні деп есептеледі.

Объектінің пайдалануға қосылғандығы туралы актіге қол қойылған күн қабылдау комиссиясы объектіні пайдалануға қосқан күні деп есептеледі.

58. Мемлекеттік қабылдау комиссиясының немесе қабылдау комиссиясының нақты объекті бойынша өкілеттіктері олардың тағайындалған кезінен басталады және объектілерді пайдалануға қабылдау туралы акт бекітілген кезден бастап тоқтатылады.

59. Жұмыс комиссиясының нақты объекті бойынша өкілеттіктері оның тағайындалған кезінен басталады және пайдалануға қосылған объектіні кешенді тексеру туралы заңдарда белгіленген тәртіппен ресімделген қорытынды тапсырыс берушіге берілген кезден бастап тоқтатылады.

11. Қала құрылышы қызметін жүзеге асыруды бақылау және осы ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік

60. Қала құрылышы қызметінің жүзеге асырылуын бақылау қала құрылышы құжаттамасы саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды, мемлекеттік қала құрылышы нормативтері мен құрылыш салу қағидаларын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған.

61. Осы құрылыш салу ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.